

Р.А. Бекназаров , **Г. Нұрланқызы*** 

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік Университеті, Қазақстан, Ақтөбе қ.

*e-mail: gaukharshahnaz@mail.ru

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХЫНА ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ

Қазіргі таңда отандық тарих ғылымының дамуында тарихнаманың өзіндік орны бар. Ақтөбе қаласының тарихын тарихнамалық тұрғыда айқындау тарихи зерттеулердің сапасы мен тиімділігін арттыруға белгілі бір дәрежеде септігін тигізеді. Қала тарихын зерттеу жұмыстарына сай, Ақтөбе бекінісінің қаланған күндерінен бастап тарихи хроникаларын айқындап ашып береді. Ақтөбе қаласының тарихын зерттеуде тарихнамалық талдаулар, деректік базалар және мерзімді басылымдармен көрсетуге тырысты. Соның бір дәлелі, Ақтөбе мемлекеттік мұрағатында сақталған «Актюбинский вестник» шаруашылық-әдеби, «Актюбинская правда» газеті болып табылады. Бұдан басқа, мұрағат қорларында сирек сақталған «Степная правда» газеті және «Обзоры Тургайской области» хроникалық деректемелері және тағы басқа мұрағаттық қорлар қала тарихын зерттеуге мүмкіндік береді. Ақтөбе қаласының маңызды бөлігіне айналған Орынбор–Ташкент теміржолының салынуы туралы тарихи маңызы А.А. Кауфманның Торғайға іссапары барысында жүргізген экспедицияларында жазылған. Қазақстан үшін үлкен өзекті болып табылатын бұл теміржол желісі де қала тарихын жазуға негіз болады.

Мерзімді басылымдар беттерінен алынған мәліметтер Ақтөбе тарихына және отандық тарихшыларының еңбектеріне негізделіп жазылғандығы да қарастырылады. Соның ішінде, Ақтөбе қаласына қатысты бірнеше тарихи еңбектер де жазылып өткен. Мәселен, М.К. Тәжібаев пен Г.С. Сұлтанғалиеваның еңбектері жинағында Ақтөбенің уездік қала статусына ие болғандығы және облыстың орталығына айналғандығы жөнінде тарихи жазылған. Ақтөбе аймағы көп ұлыс пен ұлтты біріктіріп отырған өңір болғандықтан, авторлардың еңбектерінен қанша ұлт өкілдері қоныс аударғанын және қала құрылысы жылдан жылға кеңейіп өсіп келе жатқанын да байқауға болады. Дегенмен, Ақтөбе қаласының тарихында ашылмаған тұстары мен қырлары да жетерлік.

Түйін сөздер: Ақтөбе қаласы, уезд, бекініс, мешіт, мектеп, Орынбор–Ташкент теміржолы.

R.A. Beknazarov, G. Nurlankyzy*

K. Zhubanov Aktobe Regional University, Kazakhstan, Aktobe,

*e-mail: gaukharshahnaz@mail.ru

Historiographic review of the history of Aktobe

At present, historiography occupies a special place in the development of Russian historical science. The historiographic definition of the history of the city of Aktobe, to a certain extent, contributes to an increase in the quality and effectiveness of historical research. According to the study of the history of the city of Aktobe, various historical chronicles are revealed since the founding of the Aktobe fortress. Historiographic analysis, sources and periodicals show what they tried to reflect in the study of the history of the city of Aktobe.

One of the proofs of this study is the economic and literary newspaper «Aktobe Vestnik», the newspaper «Aktubinskaya Pravda», which are stored in the Aktobe State Archives. In addition, the newspaper «Stepnaya Pravda» and the chronicle requisites «Monuments of the Turgai Region» and other archival funds, which are rarely stored in the archival funds, make it possible to study the history of the city. The historical significance of the construction of the Orenburg-Tashkent railway, which became an important part of the city of Aktobe, was recorded in the expeditions of A.A. Kaufman during his visit to Turgai. This railway line, which is very relevant for Kazakhstan, is also the basis for writing the history of the city.

The information obtained from the pages of periodicals is based on the history of Aktobe and the works of Russian historians. In particular, several historical works were written concerning the city of Aktobe. Thus, the collection of works by M. K. Tazhibayev and G. S. Sultangaliev tells how Aktobe acquired the status of a district town and became the center of the region. Since the Aktobe region is a multinational region, it is possible to trace in the works of the authors how many nationalities have migrated and urban planning is expanding from year to year. However, there are undisclosed sides to the history of Aktobe.

Key words: Aktobe city, district, fortress, mosque, school, Orenburg-Tashkent railway.

Р.А. Бекназаров, Г. Нұрланқызы*
Актюбинский Региональный Университет им. К. Жубанова, Казахстан, г. Актюбе,
*e-mail: gaukharshahnaz@mail.ru

Историографический обзор истории г. Актюбе

В настоящее время историография занимает особое место в развитии отечественной исторической науки. Историографическое определение истории города Актюбе в определенной степени способствует повышению качества и эффективности исторических исследований. Согласно исследованию истории города Актюбе раскрываются различные исторические хроники со дня основания Актюбинской крепости. Историографический анализ, источниковые базы и периодические издания показывают, что попытались отразить в изучении истории города Актюбе. Одним из доказательств этого изучения являются хозяйственно-литературная газета «Актюбинский вестник», газета «Актюбинская правда», которые хранятся в Актюбинском Государственном архиве. Кроме того, редко хранящиеся в архивных фондах газета «Степная правда» и хроникальные реквизиты «Памятники Тургайской области» и другие архивные фонды позволяют изучать историю города. Историческое значение строительства железной дороги Оренбург-Ташкент, ставшей важной частью города Актюбе, зафиксировано в экспедициях А. А. Кауфмана в ходе его визита в Тургай. Эта железнодорожная линия, которая является очень актуальной для Казахстана, также стала основой для написания истории города.

Сведения об истории Актюбе, полученные со страниц периодических изданий, основаны на трудах отечественных историков. В частности, написано несколько работ, касающихся истории города Актюбе. Так, в сборнике трудов М. К. Тажибаева и Г. С. Султангалиевой рассказывается о том, как Актюбе приобрел статус уездного города и стал центром области. Так как Актюбинский регион – это многонациональный регион, то в работах авторов можно проследить, сколько национальностей переселилось в город, и как из года в год расширяется градостроительство. Тем не менее, в истории города Актюбе есть и нераскрытые стороны.

Ключевые слова: город Актюбе, уезд, крепость, мечеть, школа, железная дорога Оренбург-Ташкент.

Кіріспе

Қазақстанның ірі индустриялық орталығына айналған Ақтөбе қаласының тарихы, сонау Патшалық кезеңінің келімсектері мен шаруаларын қоныстандыру саясатымен де тікелей байланысты.

Ақтөбе қаласы Батыс Қазақстан өңірі ішіндегі ең ірі қаласы болып табылады. 1869 жылы негізі қаланған бекіністің тарихы 150 жылға жуық бай тарихымен белгілі.

Ақтөбе қаласының архивтік құжаттар негіздемесі 1917 жылдан бастап сақталынған болатын, сол жылдан бастап зерттелу кезеңдеріндегі құжаттар Ақтөбенің тарихына арналады.

Ақтөбе қаласының зерттеу жұмыстарын белгілі тарихшы ғалымдардың еңбектерінен де аңғара аламыз. Мәселен, төменде келтіріп кеткендей авторлардың еңбектері Ақтөбе бекінісінің қаланған күндерінен бастап тарихи хроникаларын айқындап ашып береді. Қала тарихын зерттеуде тағы бір зерттеу жұмыстарын деректік базалармен және мерзімді басылымдар беттерімен толықтыра аламыз. Соның бір дәлелі «Актюбинский вестник» шаруашылық әдеби журналы, «Актюбинская правда» газеті болып табылады. Бұдан басқа архив қорларында сирек

сақталған «Степная правда» газеті, «Обзоры Тургайской области» хроникалық деректемелері қала тарихын зерттеуге мүмкіндік береді.

Дегенмен, қала тарихының ашылмаған тұстары мен қырлары жетерлік. Сондай қырларға қаланың полиэтникалық қаласы ретінде көрсетуі этнографиялық тұрғыда жаңаша зерттеуге болады. Бұған дәлел ретінде «Волости и населенные пункты Тургайской области» атты Санкт-Петербург қаласынан басылып шыққан 1894 жылғы тарихи деректер куә бола алады. Сонымен қатар, қала тарихын Оренбург қаласынан шыққан 1899 жылы басылған «Памятная книжка Тургайской области» атты деректемелік құжаттар қала тарихын мазмұндауда негіз бола алады.

Жалпы, Ақтөбе өлкесіне қатысты бірнеше тарихи еңбектер де жазылып өткен. Мысалы, 140, 150 жылдығына арналған еңбектер қатары толықтырылып келеді, М.Қ. Тәжібаев пен Г.С. Сұлтанғалиеваның еңбектер жинағын атап өткен жөн. Ақтөбе аймағы көп ұлыс пен ұлтты біріктіріп отырған өңір болғандықтан, авторлардың еңбектерінен қанша ұлт өкілдері қоныс аударғанын байқауға болады.

Мәселен, Г.С. Сұлтанғалиеваның уездік құрылысын зерттеу барысынан Ақтөбе өңіріндегі

басты қоныс аударғандар орыс, татар, башқұрт екендігі дәлелденген. М.Қ. Тәжібаевтың келтірген деректерден өңірдің өсу жылдары мен бірнеше тарихи кезеңдерді бастан өткергенін байқаймыз.

Ақтөбе қаласының тарихнамалық және деректемелік талдаулар бойынша төмендегі зерттеулерге тоқталсақ.

Материалдар және әдістер

Қазіргі таңда қазақстандық тарих ғылымының дамуы мен тарихи зерттеулердің сапасын тиімді артуына, олардың қоғамдық, әлеуметтік, саяси және мәдени тұрғыда қалыптасуына белгілі бір көлемде тарихнамалық зерттеулер негіз бола алады. Сондықтан, отандық тарих ғылымының дамуы мен өсуіне тарихнама саласы ықпал етеді.

1869 жылдан бастап 150 жылдық тарихы бар Ақтөбе қаласының өзіндік бір сыр шертер дерек қорлары жеткілікті. Ақтөбе тарихындағы кейбір мәселелерді зерттеуде өзіндік әдістемелік ерекшеліктер қарастырылды. Бекініс құрылысынан бастау алған қала тарихын зерттеуде міндетті түрде сол тақырыпқа арналған әдебиеттер мен құжаттар бірінші кезекте пайдаланылды. Қала тарихын теориялық тұрғыда қарастырғанда, әдістемелік тәжірибе бойынша тарихнамалық шолу жасалынды.

Ежелгі тарихты тереңнен танып білу рухани жаңғырудың дінгегі. Ал, тарихқа дұрыс баға беру үшін мұрағаттық құжаттар мен деректану саласының маңызы зор. Еліміздегі осы бағытты ғылыми негіздеуге үлес қосқан деректану саласының ғалымы Қамбар Атабаевтың еңбегі зор. «Деректану» еңбегінде айтып өткендей, қазіргі кезде архивтану, деректану мәселелеріне байланысты тарих ғылымында көзқарастар өзгерді.

Тарих ғылымындағы тақырыпты деректерсіз, тарихнамалық талдауларсыз зерттеу мүмкін еместігі белгілі. Сол себептен, бұл мәселені зерттеуде архивтік құжаттар мен деректер және тарихнамалық талдаулар, әдебиеттер мен қала тарихына қатысты мерзімді басылымдар қарастырылды.

Нәтижелер және талдаулар

Степная правда газеті. «Ақтөбеге 60 жыл».

1928 жылдан бастап провинциялардың орнына аудандар енгізілді. Ақтөбе ауданының газеті атауын өзгертіп, «Степная правда» деген атқа ие болды.

Ақтөбе қаласының 60 жылдығына орай «Степная правда» газетіне Ақтөбе тарихы жазылған мәліметтер легі кездеседі. Соның бір дәлелі, бекініс аймағына алғашқылары болып әскерлерімен генерал Благовещенский 1868 жылы келді. Қарғалы тауына тоқталып, кейін 1869 жылы Қарғалы өзенінен өтіп, екі төбелі тауды нығайтуға арналған орынды таңдап, таудың екі төбесіне де бекініс тұрғызды және төбелерді «Барбет» деп атады. Бірінші төбе «Барбет» аймағына қару жарақ құрылысын орналастырды, бұл учаскенің жанында темір есіктері, күйдірілген кірпіштен екі жертөле есігі бар: біреуі мылтық, снарядтар сақтауға; екіншісі ақша жәшігіне арналған.

Екінші төбе «Барбет» аймағына да саманнан жасалынған кірпіштен мылтыққа арналған алаңдар, күзет үйі және қамауға алынған адамдарға арналған бөлмелер тұрғызылды. Екі Барбетте мылтықтармен, терең арықтармен қоршалып, өткелдері ғана қалған (Степная правда 1931: №28 (234)).

1869 жылдың мамыр айының ортасында Ресей империясының екі жаяу әскер ротасынан, жүздеген казактардан тұратын және 14 мылтықпен қаруланған әскери отряды, Елек пен Қарғалы өзендерінің құйылысына жақын жерде Ақ-Төбе бекінісі салынды. 21 жылдан кейін Ақ-Төбеде 236 адам тұратын 276 блиндаж, 53 ағаш үй және 7 тас үй болған, ал бір жылдан кейін кеңейтілген елді мекен Торғай облысының аудандық қаласы мәртебесін алып, «Актюбинск» болып өзгертілді.

Жалпы, архив қорларында сирек сақталынған мерзімді басылымдар ішінен «Степная правда» газетіндегі келтірген «Первые переселенцы» атты мақаласы бойынша, Ақтөбеге алғашқы қонысаударушылар 1878 жылы көктем мезгілінен бастап келе бастаған. 1880 жылы күз айларында Украинаны тастап қоныс тепкен 28 отбасы алғашында Орынбор губерниясындағы казактардың жерлерін жалға алып келген. 1882 жылы 330 адам қоныс аударған, оның ішінде әскерлер легі көп болды. Жаңа қоныстебушілердің ағымы Астрахань губерниясынан 1886 жылдан бастау алды. Бұл уақытта шаруалар Александровский және Оренбургтік көшелерін иемденіп алған еді. 1887 және 1888 жылдары Донской облысынан келген қонысаударушылар жаңа елді-мекен Оторвановканы иеленді. 1890 жылға дейін қала санының өсімі күрт өсе бастады. Қала үшін оңтайлы жылдар болды (Степная правда 1931: №28 (234)).

1893 жылы қала тұрғындары көп емес болды, аула саны 100 шақты шамасында болды. 1893 жылы Барбеттен мылтықтарды алып, Орынборға ауыстырды, ал снарядтарды Мұрзахай тауларында, Елек артындағы Оторвановка аймағына қарсы снарядтарды жарып жіберген. Бұл тау етегі Мұрзахай деп аталу себебі, Мұрзахай Гибасов жыл сайын мал жайылымына жалға алды.

Мұрзахай бай туралы тағы бір дерек келтірсек, алғашқы мешіт құрылысын аяқталуына қол ұшын берген азаматтардың бірі болған деседі. Осы қайырымдылықтардың арқасында мешіт 1903 жылы 27 маусымда бой көтерді (Диапазон, 2001: №64 (317)).

Қалада 1893 жылға дейін 3 сыныптық орыс-қазақ мектеп саны аз болды, 1894 жылы қыздар мектебінің құрылысы аяқталып қазына есебінен орыс, қазақ балдары оқытылды.

1895 жылдары шіркеу діни қызметкерлерінің оқытуы қолға алынып, үйлер жалға алына бастады. 1896 жылы Ыбырай Алтынсариннің бастамасымен қазақ қыздарына арналған әйелдер мектебі ашылды (Ақтобе. Национальная энциклопедия 2004: 158).

1893 жылы Ақтөбеге қала мәртебесін енгізу туралы қолға алынды. Уезд губернаторы басшылық тағайындау үшін 6 қала тұрғындары ішінен таңдау жасалынған екен. Қала тұрғындары күнделікті тіршілік әрекетін жасап, жер жалға алып, мал жайылымдарымен айналыса бастады.

1901 жылы Ақтөбедегі алғашқы мешіттің негізі қаланды. 1903 жылы құрылыс аяқталды, ал 1904 жылы онда алғашқы намаз оқылды.

1905 жылы Орынбор-Ташкент теміржолы жұмыс істей бастады, Ақтөбе станциясы салынды, алғашқы жолаушылар пойыздары қаладан өтті, көптеген жолаушылар вокзал алаңын басып қалды. Теміржол салынуымен қала жыл сайын көбейе бастады, мектептерге деген қажеттілік өте зор болды. 1909 жылы үш комплектілі аурухана салынды. Ағаштан салынған үйді сатып алып, оны мектепке айналдырды, Мамонтовтан сатып алған үйді гимназия мектебіне берді.

Архив құжаттарынан көрсетілгендей, 1918 жылы Ақтөбеде мектеп пайда болды (кейінірек №45 теміржол мектебі), оған дейін шіркеу-приход мектебі мен Мариин мектебі болған делінген.

Сол уақытта бұл ауданда орыс тұрғындары үшін арнайы мектептер жоқтың қасы, сонымен қатар иммигранттар ағымының үнемі артып келе жатқандығын ескере отырып, ең болмағанда бір мектеп ашу қажеттілігі туындады. Орыс балаларға арналған мектеп ашудың

маңыздылығын түсініп, Илецк ауданының губернаторы өзінің қарамағындағы үйлердің дайын біреуін жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік тауып мектепке беруге шешім қабылдаған, бұл туралы А.Е. Алекторовтың келтірген «Очерк народного образования в Тургайской области» атты еңбегінен де байқауға болады (Алекторов 1900: 81).

А.А. Кауфманның Торғай облысына іс-сапарынан естеліктер

1896 жылдың жазында іс-сапар кезінде маған тапсырылған тапсырмалардың бірі Торғай облысының экономикалық жағдайын және қырғыздардан жалға алынған және түпкілікті жер орналастыруды қажет ететін жерлерде пайда болған он ауылдың жерге меншігі туралы ақпарат жинау тапсырылған еді. Қостанай және Ақтөбе қалалары Затобольск және Михайловский елді мекендері Торғай облысындағы жалғыз орыс ауылшаруашылық қонысы (Кауфман, 1897: 7-8).

Қостанайдың және белгілі бір деңгейде Ақтөбе қаласының пайда болуы мен даму тарихы жалға берушілердің, әсіресе, шаруа қожалықтарының пайда болу тарихымен тығыз байланысты. Қостанай да, Ақтөбе қаласы да ресми қала статусын 25 наурыз 1891 жылы алды (Кауфман, 1897: 1).

Ақтөбенің Қостанайдан айырмашылығы, ол алғашқы кезеңде жедел өсуді көрсетті, бірақ кейін халықтың азаюы мен құлдырау кезеңіне өтті, Ақтөбе тұрақты, баяу даму қарқынын сақтай алды. 1886 жылдың шілдесіне қарай Ақтөбедегі үй шаруашылықтарының саны 177-ге жетті, бірақ 1891-1892 жылдары аштық жылдары көптеген тұрғындар қаладан кетіп қалды. 1893 жылдан бастап халық қайтадан көбейе бастады. 1895 жылы қалада 2263 тұрғын болған, олардың 1041-і православие, 202-сі – мұсылмандар. 1896 жылы негізінен Кіші Ресей губернияларынан 100-ге жуық отбасы келді деп Кауфманның деректерінен байқауға болады (Кауфман, 1897: 17).

1881 жылдың қаңтарынан бастап ақтөбелік қоныс аударушыларға ауыл қоғамы құқықтары берілді және олардың ортасынан басшы сайлау мүмкіндігі берілді (Кауфман, 1897: 16-17).

Бұдан бөлек қала құрылысының даму сатысына жоғарыда айтып кеткендей, теміржол желісінің даму тарихы да байланыс орнатады. Кауфман Ресейдің теміржол министріне К.Н. Посьетке жазған хатында 1874 жылғы 15 наурыздағы аймақты байланыстырудың шұғыл қажеттілігін атап өткен. Ресеймен теміржол

желісі және Ресей империясының Түркістандағы әскери болуы арқылы саяси күшейту мақсатында жасалынған болатын. 1876 жылы теміржол министрі К. Посьет елдің жетекші инженерлеріне Челябинск-Троицк-Ташкент желісімен зерттеу жүргізуді тапсырды. Ресей империясының үкіметінің бұйрығымен Орта Азиядағы теміржолдардың ең жақсы бағыттарын анықтау туралы 1877, 1878, 1879 жылдары ұйымдастырылған ғылыми экспедициялар нәтижесімен, олар мынадай қорытындыға келді Ташкент-Орынбор бағытында теміржол салу (Тогаева, 2010: 14).

Орынбор-Ташкент темір жолы – 1901-1905 жылдары салынып, пайдалануға берілген. Жалпы ұзындығы 2090 км, оның ішінде қазақ жері арқылы өтетін бөлігі 1660 км. Орынбор-Ташкент темір жолын салу ісі Николай II патшаның 1901 жылдың 21 сәуірдегі бұйрығы негізінде қолға алынды.

Орыс үкіметінің Орынбор-Ташкент темір жолын салудағы басты мақсаты Орталық Азия үшін Англиямен арадағы бәсекелестікте жеңіп шығу, өлкедегі арзан шикізат қорын Ресейге тасу, Түркістан өлкесіне тура шығу еді. Салынатын жолдың бүкіл желісі әкімшілік жағынан екі бөлікке бөлінді. Жолдың оңтүстік бөлігі Ташкент-Көбек, Түркістан өлкесі Сырдария облысының аумағы бойынша, солтүстік бөлігі Орынбор-Көбек «Орынбор губерниясы», Торғай облысының және Орал облысы Темір уезінің аумағы бойынша өтетін болып белгіленді (Верховский 1910: 1).

1902 жылы 20 тамызда Ақтөбеге алғашқы болып қызметтік поезд желісі келген деп мерзімді

басылымдар беттерінде жарияланған. 1904 жылы 1 қаңтарда бүкіл Орынбор-Ташкент темір жолы бойынша поездардың уақытша жүрісі ашылды. Солтүстік бөлігі толық аяқталып, 1905 жылы 25 шілдеде, оңтүстік бөлігі 1906 жылы 1 сәуірде пайдалануға берілді. 1905 жылы 1 қаңтардан бастап Орынбор-Самара-Златоуст жолының телімі, ал 1906 жылы 22 шілдеден бастап Орта Азия жолының Ташкент станциясы Орынбор-Ташкент темір жолына қосылды. Соның нәтижесінде жаңа желінің жалпы ұзындығы ұлғайды (Верховский 1910: 14).

Бес ірі станса Ақтөбе, Шалқар, Қазалы, Перовск (Қызылорда), Түркістан Қазақстанның Ресеймен және Орталық Азиямен байланыс торабына айналды. Жол басқармасы Орынбор қаласында болды. Бірінші вокзал Ақтөбеде 1905 жылы Ташкент-Орынбор теміржолы ашылған кезде салынды (Архангельский, 1981:15).

Орынбор-Ташкент темір жолы қазіргі кезде Қазақстанның оңтүстік және батыс аудандарын Орталық Азия Республикаларымен, Ресеймен, Кавказ және Шығыс Еуропа елдерімен байланыстыратын негізгі темір жол желісі.

Бұл Орталық Азияны Ресейдің теміржол желісімен байланыстырған және оның ең маңызды экономикалық, саяси және әскери маңыздылығын бірден көрсететін алғашқы теміржол болды. Бұл жол Самара, Орынбор губернияларын, Торғай, Орал және Сырдария облыстарын байланыстырып, Ресей мен Орта Азия теміржол тораптарын біріктірді. Бұл факт осы аймақтардың экономикасын дамытудың қуатты ынталандырушысы болды (Горюнов, 2008: 55-58).



Почтовая открытка анонимного издательства, 1903 год.

1-сурет – Ташкент теміржол вокзалы



2-сурет – «Ақтөбе» теміржол станциясы

Ақтөбе қаласының тарихы: тарихнамалық талдау

XX ғасырдың табалдырығын аттағанда қазақ жеріндегі қалалардың ішінде Ақтөбенің тарихы шоқтығы биік болды. Алғашқы кезеңдегі бекініс тарихы Қобда мен Елек өзендері аралығынан бастау алды. Сол кезеңдегі уақыттан бері Ақтөбе өңіріне қатысты тарихи жазбалар мұрағат жүйесімен сақталған. Бұдан бөлек, Ақтөбе жерінің ерте және орта ғасырлардағы тарихын да зерттеу кейін барып қолға алынды. Мәселен, Ақтөбе жерінде ежелгі темір дәуірінде өмір сүрген көшпелілер одағы болғандығын дәлелдейтін «Из истории Актюбинской области» атты өлкетану жинағынан тарихи хроникаларды, алан, ғұн, сармат дәуірлеріндегі зерттеулерді жариялаған тарихшылар С. Гуцалов пен В. Ткачевтің, С. Гуцаловтың, Р.А. Бекназаровтың, А. Прусстың археологиялық зерттеулерінен Ақтөбе өңірінің тарихын негізге алатындығын атап өткен жөн. А. Прусстың «Ақтөбе қаласының іргетасы» атты ғылыми мақаласынан Ақтөбе әскери бекінісі 1891 жылы 25 наурызда ресми түрде Актюбинск атауына өзгертілгендігі туралы айтылған. Тарихшы З. Байдосовтың ғылыми мақаласынан Ақтөбе өңіріндегі алғашқы білім ошақтары мен зерттеушілерді келтіргенін аңғаруға болады (Из истории Актюбинской области 1991: 1-11).

Әбілқайыр хан заманы мен Ақтөбенің батырларын зерттеуші тарихшы И.В. Ерофееваның, Ақтөбенің қоғамдық, мәдени өміріне қатысты тарихшы, профессор Г.С. Сұлтанғалиеваның және Г.И. Кобенаның соғыстан кейінгі Ақтөбе аймағының кезеңіндегі зерттеулерді «История Актюбинской области» атты тарихи іргелі еңбектен байқаймыз (История Актюбинской области, 2006).

Бұл ғылыми басылым Қазақстан, Өзбекстан, Ресей орталық архив қорынан алынған көптеген дереккөздер негізінде ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі аймақ тарихын ашады, сонымен қатар, археологиялық экспедициялар негізінде жинақталған материалдар алғаш рет ғылыми басылымға енгізілген. Ғылыми жинақ жалпылама облыс төңірегінде жарияланса, тікелей Ақтөбе уезінің құрылысына арналған ғылыми еңбектерді Г.С. Сұлтанғалиевадан көре аламыз. Мәселен, Г.С. Сұлтанғалиеваның «История Актюбинского уезда (1869-1917 жж.)» атты еңбегінде 1869 жылы наурыз айының аяғында Торғай облысының алғашқы әскери губернаторы Лев Федорович Баллюзектің талабымен екі өзеннің қосылған жерінде Ақтөбе бекінісінің негізі қаланды. Нәтижесінде, 1869 жылы Торғай облысы 4 уездге бөлінді: Елек, Николаевский (қазақтар тұрған ауыл), Ырғыз және Торғай. Елек уезін (Ақтөбе) 1869 жылдан бастап уезд басшыларына үлкен және кіші шеңді көмекшілері қажет болды деп жарияланған (Сұлтанғалиева, 2005: 9).

Үлкен көмекші құрамына тек қана орыс офицерлерінен ғана сайланды. 1869 жылы үлкен көмекші құрамға әскери бригадир В. Федоров және Курятников алынды. Кіші көмекші құрамына атақты Арынғазы сұлтанның ұрпағы, Аймұхамед Арынғазы сайланып, қызметте 1873 жылға дейін болды. Кейін Ақтөбе уезінің басшылығын кіші көмекші Дербісалы Беркімбаев алды (1838-1913 жж.). (Сұлтанғалиева, 2005: 14-15).

Ақтөбе уезінің тарихы қаралған бұл еңбекте негізінен бекініс тарихы мен халқының құрамы және қоныстануы туралы нақты айтылған. Мәселен, көп ұлтты халқы бар Ақтөбе уезінің

қалыптасуы да біршама кезеңдерге бөлінген. Бастапқы кезеңде қазақтардан бөлек орыс, татар, башқұрт және т.б. ұлт өкілдерінен жаппай қоныстану үрдісі жүргізілді. Ақтөбе және Қостанай уездері башқұрт, татар, орыстардың көп шоғырланған аймағына айналды. Екінші жағынан, бұл уездер Торғай облысы бойынша құнарлы жерлері бар жер шаруашылығымен айналысуға мүмкіндік беретін аймақ болып саналды. Ал Ырғыз уезі жер шаруашылығына қолайсыз, сазды сортаң аймақ болды. Уез аумағы бойынша тек 0,02% жері өңделген, сондықтан Ырғыз бен Қарабұтақ аймақтары отырықшы халық мекені болып саналады (Султанғалиева, 2005: 35).

Сонымен қатар, Махмуд Қалиұлы Тәжібаевтың «Ақтөбе облысының тарихы» (1864-1991) атты тарихи монографиялық еңбегінде Ақтөбе облысының тарихы жүйелі түрде қамтылған. Автор еңбекте облыстың тарихы мен оның әлеуметтік және экономикалық, рухани-мәдени өсу жылдарымен тығыз байланыста қарастырған. Ақтөбенің уездік дәуірі мен Қазан төңкерісінен кейінгі бастан өткерген күштеп ұжымдастыру саясатының салдарын және де Ақтөбе өңірінде жүргізілген қуғын-сүргін саясатын ашып көрсеткен. Еңбек IV тараудан құралған, III және IV тараулары Ақтөбе облысының соғыстан кейінгі бейбіт өмірге көшу кезеңіне арналған.

Ақтөбе өңірінде жүргізілген қуғын-сүргін саясаты салдарынан Ақтөбе облысы бойынша 7000-ға тарта адам ұшырағандығы туралы айтылады. Солардың ішінде бүгінгі күні ақталғандары – 5024 (Тәжібаев, 1999: 80-81).

Саяси зобалаң заманында дін иелері де сырт қалмады. Дінмен қас болған Кеңес өкіметі молдаларды, аһундарды, бақсыларды қудалап, халық санасынан дін деген ұғымды аластатуға ұмтылғаны белгілі болды. Сөйтіп, қоғамдағы діннің рөлі, тәрбиелік маңызы жоғалған еді. Мәселен, М. Тәжібаев келтірген дерек бойынша, Ақтөбе облысы бойынша 158 «панисламшыл» діни тұлғалар ұсталып, олардың 79-ы ату жазасына кесілді. Облыс бойынша 156 «халық жауларының» әйелдері ұсталып, 562 «халық жауларының» балалары мен 15 жасқа толмаған бауырлары әртүрлі концлагерьлерге, детдомдарға жөнелтілген еді. Соның бір дәлелі, жалғыз қазақ әйелі, білікті лингвист ғалым Телжан Шонановтың әйелі Шаһизада Шонанова ату жазасына іліккен болатын. Көп қудалаудың ақыры ату жазасына бұйырды, шыққан тегі белгілі Қаратаев Бақытжанның тұқымы, күйеуі Телжан Шонановтың «халық жауы» ретінде айыпталуы еді (Султанғалиева, 2005: 83).

Сонымен, бүкіл Қазақстанды қамтыған қасіретті кезең Ақтөбе аймағын да шарпыған болатын. Бұл заманның тағдыры Кеңестік жүйенің адам өмірін ойыншыққа айналдырған заманы еді.

Бұдан бөлек, Ақтөбе қаласының тарихына байланысты белгілі қоғам қайраткері, ақтөбелік Федор Тарасенко екі томдық еңбегінде «Қала. Жылдар. Адамдар. Өмір» 1000-нан астам беттен тұратын және 1869 жылдан 2006 жылға дейінгі кезеңді қамтитын Ақтөбенің барлық тұрмыстық өмірін жазып шыққан болатын. Қаламыздың пайда болуы және оның тағдырында үлкен рөл атқарған адамдар туралы алғаш рет екі томдық басылым жарық көрді. Кітаптың авторы Федор Тарасенкоға құжаттарды жинауға, куәгерлермен және олардың ұрпақтарымен кездесуге 50 жылдан астам уақыт қажет болды (Тарасенко, 2006).

Бірінші кітаптың аяқталу мерзімі 1920 жылмен шектелген. Федор Тарасенко хан Арынғазиевтің ұрпағы, Әбілқайыр ханның замандасы Ахметшамен жеке кездесуге мүмкіндік алды. Сонымен қатар, Кеңес өкіметі келгенге дейін Арынғазиевтер қазіргі Опытный станциясының орнында тұрған халықты басқарды. Қазір хан отбасының ұрпағы Таразда тұрады. Автор сол ақ таудың қай жерде болғандығы, қаламыздың атауы қайдан шыққандығы туралы айтады (Тарасенко, 2006).

Г.С. Сұлтанғалиеваның жоғарыдағы аталмыш еңбегінде айтып өткендей, белгілі журналист, жазушы Ф. Тарасенко да Арынғазы сұлтанның тарихына аса мән беріп тоқталып өткен. Г.С. Сұлтанғалиева кітабынан көмекші қызметін атқарып, уезд тарихына үлес қосқан Дербісәлі Беркімбаевқа да анықтама берген. Дербісәлі Беркімбаев Торғай облысына бастапқыда 15, кейін 23-ші дистанцияларында басқарушы тұлға ретінде белгілі болған. 30 жылға жуық Ақтөбе уезінің басқармасында қызмет атқарған, уезд тарихына үлес қосқан, Торғай облысының атынан Санкт-Петербургке 1876 және 1881 жылдары уезд мәселесіне қатысты делегация құрамында болып атсалысқан (Султанғалиева, 2005: 16).

Тарихи хроникалардан басқа, Ақтөбе өңірі өлкетану саласы жағынан да зерттелген еді. Мәселен, белгілі Ақтөбе қаласының тарихшысы, өлкетанушы ғалым Беркін Құрманбековтің Батыс Қазақстан облысы бойынша зерттелген бірнеше еңбектері бар. Ақтөбе аймағына қатысты бір табысты зерттеу еңбегі «Ақтөбе округінде 1928 жылы байларды конфискациялау» деп аталады. Бұл еңбегінде ғалым архивтік деректер негізінде — «қу жақ» Голощекиннің теріс саясатының нәтижесінде мал-мүлкінен айрылып, жер ауда-

рылған ақтөбелік байлардың тағдырын тарихи шындық тұрғысынан, архивтік деректер негізінде көрсете білген (Құрманбеков, 2014: 25).

Тағы бір ғылыми басылымның кезегі, Құрманбеков Беркін Жолмырзаұлы Ақтөбе облыстық тарих және археология орталығымен тығыз творчестволық байланыс орнатқан ғалымның еңбегіне тоқталып өтсек.

Құрманбеков Беркін Жолмырзаұлының «Батыс Қазақстанда сауданың дамуы» деген көлемді ғылыми монографиясы Ақтөбе облыстық мәдениет басқармасының облыстық тарих және археология орталығының бастамасымен шығарыла бастаған «Батыс Қазақстанның тарихы, археологиясы және этнографиясы» атты арнайы басылымдар топтамасының беташар кітабы болып табылады.

Алматы қаласы, 2014 жылы «Ақтөбе тарихы» атты еңбегі жарық көрді. Автор бұл еңбекте жоғарыда аталып өтілген тарихи мәселелерден бөлек Ақтөбенің қилы кезеңіндегі тарихын ашып көрсете білді. Ақтөбе тарихындағы Ресей үкіметінің Батыс Қазақстан аймағына жәрмеңкелерді орналастыруы туралы саясатын жазды. Сонымен қатар, Торғай облысының Ақтөбе бекінісі жанындағы жәрмеңке үшін Ереженің қабылдануы жайында маңыздылығын айқындап келтірген. Мәселен, бұл еңбекте автор қабылданған Ереже 29 бөлімінен тұратындығы жөнінде және 9, 10 бөлімдер ескертулер мен түзетулер жүргізілгенін көрсетті. Жәрмеңкеге келу үшін саудагерлердің паспорттары болуы шарт болып бекітіліп және арнаулы тіркеу кітабына жазылуы тиіс болды. Сонымен қатар, жәрмеңкеге келген саудагерлерге берілген орындардан түскен табыс тиісті қаланың қоғамдық қассасына түседі деп және жәрмеңке табысынан түскен ақшаны сақтау және жұмсау мәселесі қала ақшасына арналған Ережеге сәйкес шешіледі деп белгіленген (Құрманбеков, 2014: 27).

Ақтөбе бекініс қаласындағы ұсақ сауда орындары уақыт өткен сайын ірі сауда орталығына айналды, сонымен бірге қала тұрғындары және көршілес қазақ ауылдарының мұқтажы үшін жәрмеңкелер ұйымдастырылды (Құрманбеков, 2014: 30).

Тарихнамалық талдау барысында, бекініс құрылысы кезеңінде халқының арасында жер мәселесіне қатысты қоныстанушылардың бірқатар қиыншылықтары кездесті. Одан бөлек, Ақтөбенің даму кезеңі тек соғыстан кейінгі уақыт болғандығын байқаймыз. Батыс Қазақстаннан табылған бай қазба байлықтар индустриясының дамуына жол ашқандығын көруге болады.

Қорытынды

Осылайша, жоғарыда айтқанымыздай Ақтөбе қаласының тарихы сонау бекініс құрылысынан бастау алды. Сол уақыттан бері айтылмаған, зерттелмеген тұстары да бар.

Ақтөбе өңіріне қатысты жазылған еңбектер халқының тағдыры мен тарихын тұжырымдайтын, осы арқылы халыққа азды-көпті деректер беретін іргелі еңбектер болмақ. Тарих бұрмаланса, ұрпақтар арасындағы сабақтастық байланысы да үзінді-жұлынды болып шығады.

Сол себептен, жүйемен, ақиқатты тұрғыда жазылған тарих өміршең болатыны анық. Ақтөбе өңіріне қатысты тарихи жазбалар осы аталған еңбектерде жүйелі түрде қарастырылған. Жалпы, кезіндегі Патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлау саясатының бір көрінісі Ақтөбе бекінісінің салынуымен байланысты еді. Сол жылдан бастап қазақ халқының басынан әр түрлі аласапыран оқиғалар өтті. Міне, бұл тарихи кезеңдер жоғарыда аталған авторлар еңбектерінен көрініс табады.

Мақала гранттық жоба (АР09259029 «XVIII ғ. – XX ғ. 30-жж. Ұлы даланың тарихи тұлғалары (Батыс Қазақстан материалдары негізінде)» аясында дайындалды.

Әдебиеттер

- Ақтөбе (2004). Ақтөбе // Казахстан. Национальная энциклопедия. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 158 с.
- Алекторов А.Е. (1900). Очерк народного образования в Тургайской области: летопись, 1744-1898 гг. / Алекторов А.Е. Оренбург: Типо-литография Сачкова Ф.Б., Вып. 2., 81-160 с.
- Альбом исполнительных чертежей 1901-1905 гг. (1906). Северная часть. Оренбург-Ташкентской железной дороги; с ветвью к Илецким. Санкт-Петербург, рисунок 1.
- Афанасьев В. (1992). События и судьбы (Заметки Актюбинского краеведа). Самара, 81 с.
- Архангельский А.С., Архангельский В.А. (1981). Железнодорожные станции СССР. Справочник. Москва: Транспорт, Т.1. 15 с.
- Вавилов С.И. (1950). Большая советская энциклопедия. Государственное научное издательство, Т. 2., с. 7.
- Верховский Н.П. (1910). Туркестан в районе Ташкентской железной дороги и грузы этой дороги. Санкт-Петербург, 1-15 с.

- Горюнов Ю.А. (2008). Оренбург-Ташкентская железная дорога как один из факторов развития промышленности в Оренбургской губернии и Туркестане в начале XX века / Горюнов Ю.А. // Аспирант, или Молодое поколение ученых о.: науч.-практ. альм / ред. кол.: Иванова А.Г. и др. Оренбург. 55-58 с.
- Диапазон (2001). №64 (317). Ақтөбе, 4 с.
- Из истории Актюбинской области (2006). Ақтөбе, 280 с.
- Из истории Актюбинской области (1991). Ақтюбинск, 1-11 с.
- Исингарин Н.К. (2011). История железных дорог Казахстана. Алматы: Экономтранс консалтинг. 768 с.
- История Актюбинской области (2006). Ақтөбе: областной центр истории, этнографии и археологии. 280 с.
- История Ақтөбе в документах (20-40-е годы XX в.) (2009), Ақтөбе, рисунок 2.
- Кауфман А.А. (1897). Переселенцы-арендаторы Тургайской области (2-я часть). Санкт Петербург: Типография Безобразова В. и К., 1-18 с.
- Құрманбеков Б. (2014). Ақтөбе тарихы. Алматы, 27-30 б.
- Пушкарева И.М. (1975). Железнодорожники России в буржуазно-демократических революциях 1905-1907 и 1917 гг. Москва: Изд. Наука, 389 с.
- Рогачёва А.Т. (1998). История станции Оренбург Южно-Уральской железной дороги (краткая историческая справка). Оренбург, 118 с.
- Сафонов Д.А. (2008). Между империей и республикой Советов: местные власти на Южном Урале в 1917-1918 гг. Оренбург, 448 с.
- Сотников Е.А. (2005). История и перспективы мирового и российского железнодорожного транспорта (1800-2100 гг.). Москва, 112 с.
- Степная правда (1931), №28 (234). Государственный архив Актюбинской области, 4-8 с.
- Суворов В.А. (1965). Железнодорожный транспорт Туркестанского края в годы гражданской войны (1918-1920 гг.). Ташкент, 72 с.
- Султангалиева Г.С. (2005). История Актюбинского уезда (1869-1917): учебное пособие. Ақтөбе, 264 с.
- Тарасенко Ф.Н. (2006). Город. Годы. Люди. Жизнь. Ақтөбе, 248 с.
- Тәжібаев М.К. (1999). Ақтөбе облысының тарихы (1864-1991). Ақтөбе, 80 б.
- Тогаева З.А. (2010). Железная дорога Ташкент-Оренбург и ее место в социально-экономической жизни Туркестана: автореф. дисс. канд. ист. наук, 14 с.
- Топонимика Казахстана (2010). Энциклопедический справочник. Алма-Ата: Аруна Ltd, 816 с.

References

- Aqtobe (2004). Aqtobe [Aktobe // Kazakhstan. National encyclopedia]. - Almaty: «Kazakh encyclopedia». 158 s.
- Alektorov A.E. (1900). Oчерk narodnogo obrazovaniia v Turgaiskoi oblasti: letopis, 1744-1898 gg. Alektorov A.E. Orenburg: Tipo-litografiia F.B. Sachkova. Выр. 2. 81-160 s. [Essay on popular education in the Turgai region: chronicle, 1744-1898]. // Alektorov A.E., Orenburg: Typo-lithography F.B. Sachkova. Issue. 2. 81-160 s.
- Album ispolnitelnykh chertejei 1901-1905 gg. (1906). Severnaya chast. Orenburg-Tashkentskoi jeleznoi dorogi; s vetv k Ileskim. [Album of executive drawings 1901-1905. (1906). The northern part. Orenburg-Tashkent railway; with a vet to Ilesky]. Sankt-Peterburg, risunok 1.
- Afanasyev B. (1992). Sobytiia i sudby (Zametki Aktbinskogo kraevedu). [Events and destinies (Notes of the Aktyubinsk region)]. Samara, 81 s.
- Arhangel'skii A.S., Arhangel'skii V.A. (1981). Jeleznodorojnye stansii SSSR. Spravochnik. [Railway stations of the USSR]. Directory. Moskva: Transport., T.1., 15 s.
- Vavilov S. I. (1950). Bol'shaia sovetskaya ensiklopediia. Gosudarstvennoe nauchnoe izdatel'stvo [Great Soviet Encyclopedia. State scientific publishing house]. T. 2., 7 s.
- Verhovskii N.P. (1910). Turkestan v raione Tashkentskoi jeleznoi dorogi i gruzy etoi dorogi. [Turkestan in the area of the Tashkent railway and the cargo of this road]. Sankt-Peterburg., 1-15 s.
- Goryunov Yu.A. (2008). Orenburg-Tashkentskaya jelezная doroga kak odin iz faktorov razvitiia promyshlennosti v Orenburgskoi gubernii i Turkestanе v nachale XX veka / Goryunov A. // Aspirant, ili Molodoe pokolenie uchenykh o. : nauch.-prakt. alm / red. kol.: Ivanova A. G. i dr. [Orenburg-Tashkent railway as one of the factors of industrial development in the Orenburg province and Turkestan at the beginning of the XX century]. Orenburg., 55-58 s.
- Diapazon (2001). Diapazon №64 (317). Aqtobe., 4 s.
- Из istorii Aktbinskoi oblasti (2006). Из istorii Aktbinskoi oblasti [From the history of the Aktobe region] Aqtobe., 280 s.
- Из istorii Aktbinskoi oblasti (1991). Из istorii Aktbinskoi oblasti. [From the history of the Aktobe region]. Aqtobe., 1-11 s.
- Isingarin N.K. (2011). Istoriia jeleznykh dorog Kazahstana. [History of railways of Kazakhstan]. Almaty: Ekonomtranskonsalt-ing. 768 s.
- Istoriia Aktbinskoi oblasti (2006). Istoriia Aktbinskoi oblasti [History of Aktobe region] Aqtobe: oblastnoi sentr istorii, etnografii i arheologii. 280 s.
- Istoriia Aqtobe v dokumentah (20-40-e gody XX v.) (2009). Istoriia Aqtobe v dokumentah (20-40-e gody XX v.) [History of Aktobe in documents (20-40s of the XX century)] Aqtobe., risunok 2.
- Kaufman A.A. (1897). Pereselensy-arendatory Turgaiskoi oblasti (2-я chast). [Resettlers-tenants of the Turgai region (part 2)]. Sankt-Petersburg: Typography Bezobrazova V i K., 1-18 s.

- Kurmanbekov B. (2014). Aqtobe tarihy [History of Aktobe]. Almaty., 27-30 s.
- Pushkareva I.M. (1975). Jelesnodorojniki Rossii v burjuazno-demokraticeskikh revolsiiah 1905-1907 i 1917 gg. [Railwaymen of Russia in the bourgeois-democratic revolutions of 1905-1907 and 1917]. Moskva: Izd. Nauka, 389 s.
- Rogacheva A.T. (1998). Istoriia stansii Orenburg Jno-Uralskoi jeleznoi dorogi (kratkaja istoricheskaja spravka). [History of Orenburg station South-Ural railway (short historical reference)]. Orenburg., 118 s.
- Safonov D.A. (2008). Mejdü imperiei i respublikoi Sovetov: mestnye vlasti na Jnom Urale v 1917-1918 gg. [Between the empire and the republic of the Soviets: local authorities in the Southern Urals in 1917-1918]. Orenburg., 448 s.
- Sotnikov E.A. (2005). Istoriia i perspektivy mirovogo i rossiiskogo jelesnodorojnogo transporta (1800-2100 gg.). [History and prospects of world and Russian railway transport (1800-2100)]. Moskva., 112.
- Stepnaia pravda (1931) №28 (234)., Stepnaia pravda [Stepnaya Pravda]. State archive of Aktobe region. Gosudarstvennyi arhiv Aktbinskoi oblasti., 4-8 s.
- Suvorov V.A. (1965). Jelesnodorojnyi transport Turkestanskogo kraia v gody grajdanskoj voiny (1918-1920 gg.). [Railway transport of the Turkestan region during the years of civil war (1918-1920)]. Tashkent., 72 s.
- Sultangalieva G.S. (2005). Istoriia Aktbinskogo uezda /uchebnoe posobie/ [History of Aktobe district (1869-1917)]. Aqtobe., 264 s.
- Tarasenko F.N. (2006). Gorod.Gody.Ldi.Jizn [City.Years.People.Life.] Aqtobe., 248 s.
- Tajibaev M.K. (1999). Aqtobe oblysynyn tarihy [History of Aktobe region (1864-1991)]. Aqtobe., 80 s.
- Togaeva Z.A. (2010). Jeleznaia doroga Tashkent-Orenburg i ee mesto v sotsialno-ekonomicheskoi jizni Turkestana. Avtoref. diss. kand. ist. nauk. [The railway Tashkent-Orenburg and its place in the socio-economic life of Turkestan]. Author's abstract. diss. cand. history science., 14 s.
- Toponimika Kazahstana (2010). Toponimika Kazahstana [Toponymy of Kazakhstan] Encyclopedic reference book. Alma-Ata: Aruna Ltd., 816 p.